

**"ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" акционерлік қоғамы  
акционерлерінің 2019 жылғы 18 қараша, 10 сағат 00 минутта өтетін  
кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары**

**Жиналыстың күн тәртібі:**

1. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-дан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үшін кредит беру туралы шарт жасау туралы;
2. "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ-ға 2019-2020 жылдарға арналған сыртқы аудиторды белгілеу туралы.

**1. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-дан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үшін кредит беру туралы шарт жасау туралы.**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 107-71/6047 хатымен «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-дан (бұдан әрі – Қоғам) келесі негізгі шарттарда кредит беруді сұрайды:

Сома	Көп дегенде 2 000 000 000 000 (екі триллион) теңге
Нысаналы мақсаты	жалпы корпоративтік мақсаттар (ұлттық экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға жәрдемдесу)
Қайтару мерзімі	Шарт бойынша бірінші транш ұсыну сәтінен бастап 84 ай
Қамтамасыз ету	Қамтамасыз етусіз
Мерзімінен бұрын ішінара және толық өтеу	Комиссиясыз
Сыйақы мөлшерлемесі	Жылдық 0,01%
Негізгі қарызды өтеу	Мерзімнің соңында. Негізгі қарызды өтеу ақшалай қаражатпен және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қарама-қайшы келмейтін өзге тәсілмен, оның ішінде ҚМГ мен Қоғам арасындағы қарсы талаптарды өзара есепке алу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.
Сыйақыны өтеу	Мерзімнің соңында (сыйақыны капиталдандырусыз). Негізгі қарызды өтеу ақшалай қаражатпен және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қарама-қайшы келмейтін өзге тәсілмен, оның ішінде ҚМГ мен Қоғам

	арасындағы қарсы талаптарды өзара есепке алу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.
--	--

Қоғам ҚМГ-ға қарыз беруді жоспарлайды, ҚМГ, өз кезегінде, ақша қаражатын ҚМГ-ның берешегін өтеуге (оның ішінде (ҚМГ мен Қоғам арасында жасалған) 2018 жылғы 19 қыркүйектегі №183-79/337-71 қаржылық көмек шарты бойынша), сондай-ақ басқа да жалпы корпоративтік мақсаттарды қаржыландыруды қамтамасыз етуге жұмсауды жоспарлайды.

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Қоғамның жеке қаржылық есептілігі бойынша оның активтерінің баланстық құны 1 684 785 мың теңгеге тең және осылайша, мәміленің жалпы сомасы активтердің 118,7%-ын құрайды, бұл мәміле туралы шешімді қабылдау күніндегі жағдай бойынша, құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам иеліктен шығаратын ірі мәміле болып табылады.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағы 17-1) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 108-тармағы 21) тармақшасына сәйкес осындай ірі мәміле жасау туралы шешім қабылдау акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

**Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына келесі шешім енгізіледі:**

1. Құны Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәміле - «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-дан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға кредит (қарыз) беру туралы шарт жасасу.

2. Қоғамның Бас директоры (басқарма төрағасы) Қ.О. Есқазиевке белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдау.

## **2. "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ-ға 2019-2020 жылдарға арналған сыртқы аудиторды белгілеу туралы**

Қор Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы шешімі, №126 хаттамамен бекітілген, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-на тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидасының (бұдан әрі - "Сатып алу қағидасы") 139-тармағына сәйкес, Қоғамның аудитін жүргізу бойынша аудиторлық ұйымның қызметтерін сатып алу Қоғам уәкілетті органының шешімі негізінде бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырылады.

Қор Басқармасының 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен, №46/16-хаттама, бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және

одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-на тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау қағидасына (бұдан әрі - "Қағидалар") сәйкес, "Самұрық-Қазына" АҚ аудит жөніндегі комитетінің төрағасы Сэр Ричард Эванс төрағалығымен аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі бірыңғай комиссия (бұдан әрі – «Бірыңғай комиссия») ұйымдастырылды.

Бірыңғай комиссия, аудиторлық ұйымды таңдау рәсімдерінің қорытындысы бойынша, Қоғамның уәкілетті органына "Эрнст энд Янг" ЖШС-ны 2019-2021 жылдарға арналған аудиторлық ұйым ретінде белгілеуді ұсынды (Бірыңғай комиссияның 2018 жылғы 12 желтоқсандағы хаттамасы).

**Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына келесі шешім енгізіледі:**

"Эрнст энд Янг" ЖШС 2019-2021 жылдарға арналған аудиторлық ұйым ретінде белгіленсін.